

БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу- әдістемелік орталығы»
КМҚК басшысы


Б.Х. Абдикерова
« 15 » 2024 жыл

Жалпы білім беру ұйымдарының және мамандандырылған мектеп-интернаттарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған Ләззат Бәйішқызы атындағы «Үздік идеялар» байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Ләззат Бәйішқызы атындағы «Үздік идеялар» байқауы (бұдан әрі байқау) Қарағанды облысы білім басқармасының қолдауымен «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу- әдістемелік орталығы» КМҚК ұйымдастыруымен өткізіледі.

«Үздік идеялар» байқауы оқу сауаттылығымен қоса зерттеушілік және шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасауға, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және қолдауға бағытталған.

Миссиясы: Ләззат Бәйішқызы атындағы «Үздік идеялар» байқауының шығармашылық алаңында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің педагогикалық ізденістері негізіндегі озық іс-тәжірибелерін тарату.

2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

2.1. **Мақсаты:** Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін, ұлттық құндылықтарға негізделген ғылыми-әдістемелік әлеуетін арттыру, жаңашыл педагогтердің үздік тәжірибесін зерделеу және тарату.

2.2. Міндеттері:

- Ләззат Бәйішқызының ұстаздық тұлғасын үлгі ете отыра шығармашылық мұрасын насихаттау;
- педагогикалық тың идеяларды тәжірибеде іске асырушы талантты педагогтерді анықтау және оларды қолдау;
- қазақ тілі мен әдебиеті сабағын ұлттық дүниетаным, төл құндылықтарымызбен ұштастыруға үндеу;
- мұғалімдердің теориялық ұғымдарды талдау қабілетін арттыру және білім алушыларға қазақ тілі мен әдебиетінен берілетін білімді, мәтінмен жұмысты жоғары кәсіби деңгейде үйретуге баулу;
- мұғалімдердің білім, білік дағдыларын дамыту;
- озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және тарату.

3. Байқаудың басты өлшемдері

1. Нәтижеге бағытталған білім беруде мұғалімдердің бір-бірімен іс-тәжірибелермен алмасуы, кәсіби өсуі, шығармашылық шеберліктерінің

шыңдалуы.

2. Оқу-тәрбие үрдісінде Л. Бәйішқызының педагогикалық іс-тәжірибесін қолдану, дамыту.

4. Байқауды өткізу формасы және мерзімі

Байқаудың өткізілу мерзімі:

1-кезең: *Эссе жазу. 04 қараша*

2-кезең: *Қазақ тілі мен әдебиетінен пәндік олимпиада. 05 қараша*

3-кезең: *Үздік идеялар алаңы. 07 қараша*

Өткізу формасы: офлайн

5. Байқауға қатысушылар: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері (оқыту қазақ және өзге тілді мектеп мұғалімдері Т1,Т2)

6. Байқауды ұйымдастыру және өткізу

6.1. Байқауды дайындау мен өткізу жұмыстарын жүзеге асыру мақсатындағы ұйымдастыру комитетіне тәжірибелі педагогтер кіреді.

6.2. Байқауды ұйымдастыру мен өткізу үшін арнайы сараптамалық комиссия құрылады.

6.3. Сараптамалық комиссия қызметіне:

- байқау тапсырмаларын әзірлеу;
- байқау тапсырмаларын бағалау өлшемдерін әзірлеу.

7. Байқау 3 кезеңмен өткізіледі:

1-кезең: *Эссе жазу* (эссе тақырыптары байқау кезінде ұсынылады).

2-кезең: *Қазақ тілі мен әдебиетінен пәндік олимпиада.* Қатысушыға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен теориялық сұрақтар, тілдік талдау мен әдеби-теориялық ұғымдарға байланысты және оқу сауаттылығынан барлығы 5 тапсырма беріледі. 1,2-тапсырмаларда қатысушы берілген үзіндіге байланысты берілген тапсырманы орындайды. Әдеби -теориялық ұғымдарға байланысты 1 тапсырма беріледі. 3,4-тапсырмаларда 1 теориялық сұрақ, 1 талдау тапсырмасы (фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік) қамтылады. 5-тапсырмада оқу мәтіні ұсынылады. Оқу мәтініне 5 тест сұрағы беріледі.

1 және 2-кезеңнің ұзақтығы – 120 астрономиялық минут (2 сағат).

3-кезең: *Үздік идеялар алаңы.* Ләззат Бәйішқызының ұлағатты ізін озық іс-тәжірибелермен жалғастыру мақсатында ақтық кезеңге өткен әр педагог білім берудегі өзіндік ерекше идеясын түрлі формада көрсете алады. Мысалы: сабақ барысында көркем шығарма үзінділерін мәнерлеп жатқа оқу; әдеби кейіпкердің образын сомдау арқылы актёрлік шеберлігін көрсету; әдебиет сабағының үздік үлгілерін пайдалана отырып, аудиториямен жұмыс көрсету.

Педагогикалық үздік идеяны қорғау регламенті - 5-7 минут.

Қорғау кезеңі

Әр кезеңнен жоғары ұпай алған қатысушылар келесі кезеңге жолдама алады.

Бағалау өлшемдері:

Байқаудың әр кезеңінің жоғары ұпайы – 50 ұпай.

Эссені бағалау

1. Эссенің құрылымы және тұтастығы – 10 ұпай

2. Тақырыптың ашылуы және өзіндік пайым – 10 ұпай
3. Деректер мен сілтемелер келтіру деңгейі – 10 ұпай
4. Әдеби тіл нормасы және шығарманың стилі – 10 ұпай
5. Емле және тыныс белгілері – 10 ұпай

Эсседе мұғалімнің жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50.

Қазақ тілі мен әдебиетінен пәндік олимпиаданы бағалау

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай - жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білімін байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре біледі;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер жібереді;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дөрекі қателер кетіреді

1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

2- кезеңнен қатысушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50.

Мұғалімдердің үздік идеяларын бағалау

1. Педагогикалық идеяның өзектілігі-10 ұпай.
2. Жаңашылдығы -10 ұпай.
3. Ерекшелігі -10 ұпай.
4. Шешен сөйлеуі, актерлік шеберлігі-10 ұпай.
5. Уақытты тиімді пайдалануы-10 ұпай.

Үздік идеялар алаңында мұғалімнің жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50.

8. Байқауды өткізу шарттары, мерзімі және қорытындысын шығару.

8.1. педагогикалық үздік идея жоспарларын, жұмыстарын және байқауға қатысуға өтінімді umc-ro@umckrg.gov.kz электрондық мекенжайына жіберулері керек.

8.2. Құжаттар пакеті **28 қазанға** дейін қабылданады.

8.3. Қатысуға өтінім жеке файлда (сканерлеусіз) толтырылады, білім беру ұйымдарының мөрі талап етілмейді.

8.4. Облыстық байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталады.

Анықтама телефоны: 44-56-30 - ұйымдастыру комитеті.